Астана қаласы әкімдігінің
«Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей»

АНЫҚТАМА

Асханадағы тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайына жүргізілген бракераждық тексеру туралы

2026 жылғы 12 қараша

2026 жылғы 12 қараша күні мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Устагалиев Е.У., қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сугаралиева Ж.М. және бұйрықпен бекітілген бракераж комиссиясының қатысуымен мектеп асханасына тексеру жұмыстары жүргізілді.

Тексерудің мақсаты – білім алушыларға ұсынылатын тағамдардың сапасын, дайындалу барысын, ас мәзірінің сәйкестігін, тағамдардың берілу жағдайын және асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын бақылау.

Тексеру барысында дайындалған тағамдардың сапасы, сыртқы көрінісі, дәмі, температурасы, ас мәзіріне сәйкестігі, азық-түліктердің сақталуы және асхананың жалпы санитарлық жағдайы қаралды.

Тексеру нәтижесінде асхананың жұмысы талапқа сай екендігі анықталды. Дайындалған тағамдардың сапасы қанағаттанарлық, ас мәзіріне сәйкестігі сақталған. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері тарапынан тексеру барысында ешқандай ескерту, шағым немесе кемшілік анықталған жоқ.

Қорытынды: Мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды. Білім алушыларға сапалы әрі қауіпсіз тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары бақылауда ұсталсын.

Әлеуметтік педагогтар:

Кулманова А.К. _____

Еркембек Ұ.А. _____







